

Бюджеттік қарыздар бойынша өзара есептесу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 маусым N 727

Тұрғын үй саласын кредит берумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Павлодар үй құрылышы комбинаты" акционерлік қоғамының құны 8600 мың (сегіз миллион алты жүз мың) теңге тұратын даяр пәтерлерді Жаңатұрғын үй саясаты жөніндегі бағдарламаның ережелеріне сәйкес оларды кейін пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұрғын үй құрылышы банкінің иелігіне беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Павлодар үй құрылышы комбинаты" акционерлік қоғамының бюджетке 8600 мың (сегіз миллион алты жүз мың) теңге сомасындағы республикашілік өзара қарыздар есептемесін жүргізу қорытындылары бойынша берешегін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұрғын үй құрылышы банкіне құрылышты ұзақ мерзімдік женілдікті кредит беру немесе азаматтардың

тұрғын үй алуына арналған ресурс ретінде республикалық бюджетте көзделген қаражат есебіне есептеме жүргізсін.

3. Аталған есептеме 1996 жылға арналған бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары